

Құрманғали ТӘШЕТОВ



*Жәңіл құсы*

*Ән жинағы*

«Кәусар» баспасы  
Нұр-Сұлтан – 2019

УДК 908 (031)

ББК 26.91

Т 46

*Кітап Сәтбаев қаласының әкімі  
Асқар Абылайұлы Бідырысовтың  
«Шындық» қоғамдық бірлестігінің ұсынысына  
қолдау танытуымен жарық көрді*

Т 46 **Тәшетов Қ.**  
**Көңіл құсы.** *Ән жинағы.* – Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2019. –  
88 бет.

ISBN 978-601-7921-37-8

Кітапқа ұстаз-педагог, әнші-сазгер Құрманғали Тәшетовтің әндері, мадақтамалары, өмірдегі өнер жолынан сыр шертетін суреттері енгізілді. Сонымен бірге, оның ыждағаттылықпен жинастырған ел арасындағы сирек айтылатын халық әндері де ноталарымен берілді.

Кітап әнсүйер қауымға арналған.

УДК 908 (031)

ББК 26.91

ISBN 978-601-7921-37-8

© Тәшетов Қ., 2019

© «Кәусар» баспасы, 2019

## ҰСТАЗДЫҚ САПАРДЫҢ СӘТТІЛІГІ

*Егер өмір алтын болса, зергері оның – мұғалім,  
Егер өмір теңіз болса, гауһары оның – мұғалім,  
Егер өмір жүзік болса, көзі оның – мұғалім,  
Егер өмір ақын болса, сөзі оның – мұғалім.*

*Ұстаздардың жанарында жарқырап бір жанады от,  
Бір кездері жүрді олар да шәкірт болып, бала боп.  
Енді, міне, өзі де тұр шәкірттердің алдында,  
Енді оларға сөйлеу керек ұстаз болып, дана боп, –*

дегендей, уақыт ағынымен өмірдің көші алға жылжиды. Кешегі шәкірттер бүгінде өмірден өзіндік орнын тапқан болса, бұл жолды ертең бүгінгілердің жалғайтыны күмәнсіз. Әсіресе, мектептен түлеп ұшып, қанат қаққан соң, ұстаздық жолды өз болашағы санаған шәкірттердің өздері қандай жауапкершілік жүгін арқалайтынын терең түсінетіндігіне еш күмән жоқ. Өйткені, ұстаздық еңбектің қаншалықты қызықты болса, соншалықты қиындығы болатындығын олар жақсы біледі. Міне, сөйте тұра ұстаздық жолды таңдау – мамандыққа деген іңкәрлікті айғақтайды. Сол жолда алдына ұлы мақсат қойғандығын да байқатады. Сондықтан, сол мақсат үдесінен табылу жолында әртүрлі ізденістерге барады, жаңашылдыққа ұмтылады. Ал әрбір ізденіс өз жемісін бермей қоймайды. Өз еңбегінің арқасында көптің құрметіне бөленіп, абырой биігіне көтеріле білген ұстаздардың бірі – Құрманғали Жүсіпұлы Тәшетов.

Ол 1959 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Алғабас ауылында туған. 1976 жылы орта мектепті тәмамдаған соң қазіргі Сәтбаев (бұрынғы Никольск) қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне оқуға түсіп, мәдениет қызметкері және ұлттық аспаптар оркестрінің жетекшісі мамандығы бойынша бітірді. Музыкалық білім алған жас маманды басшылар Алғабас ауылындағы клубтың көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі етіп тағайындады. Ол ұйымдастырған ауыл жастарынан құрылған



«Квинта» вокалдык-аспаптык эстрадалык ансамблі туған ауылына ғана емес, ауданға да танымал болды.

Құрманғали Тәшетов ұйымдастырған хор, домбыра оркестрі ауыл жастарының аудандық байқауларында талай мәрте жүлделі орынды иеленді. Туған ауылында клуб меңгерушісі қызметін атқара жүріп, Ұлытау ауданының музыка мектебінің Алғабас бөлімшесінде домбырадан дәріс берді. Өзі құрған «Квинта» ансамблінің белді мүшесі болып тамылжыта ән салған талдырмаш қыз Зиягүл Құрманғалидың жүрегін жаулап алса керек, көп ұзамай екеуі шаңырақ көтерді.

Алғабас орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі бола жүріп, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық университетінің бастауыш оқыту әдістемесі факультетінің музыка бөлімін бітіріп, әдіскер оқытушы, орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білімін жоғарылатты. 1999 жылдан бастап Сәтбаев қаласының №3 орта мектебінде мамандығы бойынша қызмет атқарды. Өзінің іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті арқасында мектеп ұжымында зор ілтипатқа бөленді.

Музыка пәнінің мұғалімі болумен қатар, табиғи дарынының арқасында ән шығаратын сазгерлік қабілеті бар Құрманғали қала жұртшылығы арасында тез танымал болды. Ол қаладағы ірілі-ұсақты іс-шаралардың бел ортасынан табылып келеді.

Сазгерлік талантын, әнге деген сүйіспеншілігін ол заманында айтулы жыршы-термеші, домбырашы болған нағашы атасы Күмісбектен дарыған деп санайды. Сондай-ақ, әжесі Ақкүміс те, анасы Балғын да той-думанның сәнін келтіретін әдемі әншілер болған екен. «Тақыр жерге тал өспейді» деген осы!

Қазіргі кезде оның 30-дан астам әні бар. Әндері «Жезқазған туы», «Сарыарқа», Сәтбаев қалалық «Шарайна» газеттерінде жарияланды. 2014 жылы Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының ұйтқы болуымен жарық көрген ұстаз-сазгерлердің ән жинағына Құрманғали Жүсіпұлының «Туған жер – алтын бесігім», «Арғанатым – жер жаннатым» атты әндері енді. Аманғали Ербозовтың сөзіне жазылған «Тереземді қағыңдаршы, тамшылар» әні «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасында әнші Нұрлан Хамзиннің орындауында берілсе, Болат Дәулетияровтың сөзіне жазылған «Бал бөбегім» әні кезінде өте танымал болған «Роксанаки» ансамблінің репертуарына енген еді. Ибраһим Бекмаханұлының сөзіне жазылған «Бауырларды аңсау» әні Ұлы Отан соғы-



сынан оралмаған Сейітмағзұм, Сейтжаппар, Адыр ағаларының рухына арнап шығарылған.

Музыка пәнін оқушыларға үйретуде Құрманғали «Ән орындау барысында ән интонациясын, дикциясы мен темпін, динамикалық белгілерін сақтай отырып орындауға дағдыландыру» проблемасын жолға қойған. Ән шақыру жаттығуларына В. Емельянов пен И. Трифоновтың дауысты дамытудың фонopedикалық әдісін пайдаланып, оқушылардың әнді орындауға деген құштарлығын оятады.

Өзіндік ой-өрісі бар ұстаз 1-сынып оқушыларына арнап «Музыка дәптері» атты әдістемелік құрал дайындады. Онда музыка аспаптарының суреттері, әнге, сазға қатысы бар түрлі бейнелер, киіз үй, табиғат көріністері, ою-өрнек, зергерлік бұйымдар, жыл мезгілдері мен жануарлар бейнесі сияқты суреттер штрихпен белгіленген. «Нотасыз домбыра үйрену әліппесі» атты әдістемелік нұсқауы да – шәкірттеріне дәріс беру барысында таптырмайтын құрал.

Құрманғали Тәшетов дарынды оқушылармен жеке жұмыс жүргізеді. Шәкірттерінің жеткен жетістіктері де мақтануға әбден-ақ лайықты. Алматы қаласында 2013 жылы өткен X халықаралық «Күншуақ» фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша Гран-при, Астанада өткен «Ақ көгершін» IV халықаралық сайысындағы диплом, 2012 жылы Алматыдағы IX халықаралық «Күншуақ» фестиваль сайысындағы I орынға берілген диплом, 2011 жылы Алматыдағы балалар шығармашылығы VIII республикалық сайысындағы диплом, 2009-2010 жылдары Қарағанды қаласында ұйымдастырылған II-III облыстық «Назқоңыр» халық әндерін орындаушылар байқауындағы мадақтама грамоталары – соның айғағы. Ал қалалық сайыстарда Құрманғали дайындаған шәкірттерінің марапаттарын айтып тауыса алмайсың. Одан дәріс алған шәкірттер өздерінің болашақ мамандықтарын музыкамен байланыстырып, Астанадағы Өнер академиясын, музыкалық колледждерін бітіріп, қазіргі кезде өзі сияқты түрлі мектептерде шәкірттерге дәріс беріп жүр.

Қ. Тәшетовтің жаны жаңалыққа құмар. Ол үнемі өзінің білім деңгейін жоғарылатып отырудан жалыққан емес. Соның айғағы ретінде «Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында проблемалық жоба қорғап алған сертификаттары, «Жас композиторды тәрбиелеудің түйінді мәселелері» атты облыстық семинар-практикумға, Электрондық үкімет және



электрондық қызметтер семинарына қатысқаны үшін алған сертификаттары дәлел.

Іскер ұстаздың еңбегінің тағы бір қыры – «Жыл мұғалімі» байқауында дайындаған «Болашақтың мектебі» атты жаңа мектеп үлгілерінің макеті қазылардың назарына ұсынылып, жоғары бағаға ие болды. Өзі еңбек еткен №3, №16 мектеп басшыларының мақтау грамоталары, Сәтбаев қаласы әкімінің, облыстық білім басқармасының мақтау грамоталары, балалар қорының Алғыс хаты – Құрманғалидың ерен еңбегінің нәтижесі.

Ол 2016 жылы Сәтбаев қаласында өткен ұстаздар сайысында қала әкімінің «Тәлімгер ұстаз» номинациясын жеңіп алды. Сонымен бірге, республикалық «Білім шыңы – ғылым сыры» журналы ұйымдастырған «Жылдың үздік 100 мұғалімі» жобасына қатысып, «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгісімен марапатталды. Шығармашылық тұрғыдағы қызметі лайықты бағаланып, Бейбітшілік әлемі халықаралық Қазақ творчествосы бірлестігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгісін де иеленді. Бір сөзбен айтқанда, ұлағатты ұстаз жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде қажымай-талмай еңбек етіп, біліктілігін арттыра білуде.

Бүгінде төсінде «Алтын белгісі» жарқырап, Батыр ана атанған Зиягүл Қорғанқызы екеуі төрт ұл, үш қызды тәрбиелеп өсіріп, білім беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің қызығына тоймай отырған жайлары бар. Тұңғыштары Гүлжауһар – ұстаз, Марфуға пианинода ойнайды, ал үлкен ұлы Ержан домбыра тартып, ән айтады. Қырмызы – заң қызметкері болса, Ержан – өз өмірін қауіп-қатерге тігіп жүрген өрт сөндіруші. Ал Сәбит – темірден түйін түйетін дәнекерлеуші, Ернұры – құрылысшы, Аманғали – болашақ геолог.

Құрманғали Тәшетов №16 мектеп ашылғаннан бері осы мектепте еңбек етіп келеді. Ол, сондай-ақ, қаладағы мәдениет пен өнер өкілдерінің «Шындық» қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі. Қоғамдық бірлестіктің атқарған іс-шараларында да Құрманғалидың өзіндік қолтаңбасы бар.

Ұстаздық жолында, шығармашылық еңбегінде табыстан табысқа жетіп келе жатқан Құрманғали Тәшетовтің алдағы уақытта да халқына бергенінен берері мол екендігіне сенеміз. Соған үміттеніп қарап, одан жаңа шығармашылық табыстар күтеміз!

*Абдолла ДАСТАНОВ,*

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы*

*I бөлім*



*Аңсаған  
ақ арманым*




## СӘТБАЕВ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Вальс екпінімен



Кең - гiр-дiң тол-қы-ны тер - бе - тiң, Кү-лiм-деп а-та-ды ақ таң-ым.



Күн сүй-ген кө-рiк-тi кел - бе - тiң, Қа - ла-сы Қа-ныш-тың мақ - та-ным.

Қайырмасы :



А - хау ө - не - ге - ше-жі-ре, даc - та - ныь Ел і-ші - ө-нер-дiң ке - ні-



ші Сәт-ба-ев бе-ре-ке бас - та - уы, Кең-ей-сiң, өр-кен-деп ө - рi - сi.

Кеңгiрдiң толқыны тербетiп,  
Күлiмдеп атады ақ таңым.  
Күн сүйген көрiктi келбетiн,  
Қаласы Қаныштың – мақтаным.

**Қайырмасы:**

Ахау!  
Өнеге – шежіре, дастаны,  
«Ел іші – өнердiң кеніші».  
Сәтбаев – береке бастауы,  
Кеңейсiн, өркендеп, өрiсi!

Кеншілер мерейлi өлкемде  
Қазына аралын тапқандай.  
Достықты ту еткен өркенге  
Өмiр тұр кол бұлғап ақ таңдай.

**Қайырмасы.**

Дүбірлi думанға ғаламда  
Құт мекен – Шынболат сарайы.  
Жұмақтың төрiндей алаңда  
Әрдайым мереке манайы.

**Қайырмасы.**



## АНАМА

Сөзін жазған: Алмагул СӘДУАҚАСОВА

Терең сезіммен тебірене

А - нам ме - нің жай - ма шу - ақ көк - те - мім

Бүр - шік жар - ған гү - лің бо - лып көк - те - дім. Кө - рін - сем

мен а - лыс - тан құ - шақ жа - йып Үн қа - тып

құ - лы - ным - деп — кү - лім - де - дің.

The musical score is written in 6/8 time with a key signature of one flat (B-flat). It consists of four staves of music. The lyrics are written below the notes. There are triplets indicated by a '3' over the first three notes of the first two staves. The piece ends with a double bar line and repeat dots.

Анам менің, жайма-шуақ көктемім,  
Бүршік жарған гүлің болып көктедім.  
Өмірдің солдырмаған ызғарына,  
Саған айтар алғысым да көп менің.

Анам, сен нұрың шашқан күнім едің,  
Тербеген жүрегімді жырым едің.  
Көрінсем мен алыстан, құшақ жайып,  
Үн қатып «Құлыным!» деп күлімдедің.

Асыл анам, саған дәйім ғашықпын,  
Жүрегімде ән мен күйді тасыттың.  
Аялап, еркелетіп аймалаған  
Сенің қамқор құшағыңа асықтым.



## БАУЫРЛАРДЫ АҢСАУ

Сөзін жазған: *Ибраһим БЕКМАХАНОВ*

*Бұл әнімді әкемнің соғыстан оралмаған бауырлары  
Сейтмағзұм, Сейтжаппар, Адыр әкелерімнің рухына арнаймын.*

**АВТОР**

Марш екпінмен

Ат-тан-дал жау-ға шап-қан ба-уыр - ла - рым Аң-сай-ды

өз-де-рің - ді да-уыл жа - ным-- Жас е - дім ол кез-де

мен сә - би е - дім сез-бей-тін қан май-дан - ның а - уыр

Қайырмасы:

ха - лін. Аң-сай-мын ба-уыр-лар - ды. Кеу-де - ме

жа-уын жау - ды. Сен-дер - ді кү-еу - де әлі Көз көр-ген

қа-уым бә - рі сөн-бей - ді еш-қа-шан да Мәңгі а - лау

а - уыл - да - - ғы. Сөн-бей - ді еш - қа - шан

да Мәңгі (і) а - лау а - уыл - да - - ғы.



Атандап жауға шапқан бауырларым,  
Аңсайды өздеріңді дауыл жаным.  
Жас едім, ол кезде мен сәби едім,  
Сезбейтін қан майданның ауыр халін.

***Қайырмасы:***

*Аңсаймын бауырларды,  
Кеудеме жауын жауды.  
Сендерді күтуде әлі  
Көзкөрген қауым бәрі.  
Сөнбейді ешқашанда  
Мәңгі алау ауылдағы.*

Алаңдап қалған едік сондарыңнан,  
Есімде қайғылы ән, сондағы ән.  
Үш көкем оралмады сол соғыстан  
Мені еш түсірмейтін қолдарынан.

***Қайырмасы.***

Ағалар, қайран, менің ағаларым,  
Алтыннан артық еді-ау бағаларың.  
Он сегіз, жиырма жастың шамасында  
Келді ғой қарақағаз – хабарларың.

***Қайырмасы.***

Үш жұлдыз, көктегі ай, заңғарларым,  
Сендерге осы ақ тілек – әнді арнадым.  
«Аман-сау келсе екен» деген сонау,  
Ішімде шоқтай болып жанды арманым.

***Қайырмасы.***



## ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

Сөзін жазған: Аманғали ЕРБОЗОВ

Орташа әтерен сезімен тебірене

Ө - мір-дің өзің-д(е) аш-тым е - сі-гін-де, Тер бе-ліп қия- лым-ның  
бе-сі-гін - де. — Ту ған жер, ту ған жер се-нің тау мен та-сың  
тү-гіл, Құ-ді-рет бар се-кіл - ді е-сі-мің - де  
мен- се - ні са - ғы - на-мын о-сы күн - де.

Өмірдің өзінде аштым есігін де,  
Тербеліп қиялымның бесігінде.  
Туған жер,  
Туған жер, сенің тау мен тасың түгіл,  
Құдірет бар секілді есіміңде,  
Мен сені сағынамын осы күнде.

Балалық бал дәуренім, бал шақтарым,  
Араға жылдар салып алшақтадым.  
Бірге өскен,  
Бірге өскен құрбы-құрдас, туған жерде  
Жүрмісің самырсындай самсап бәрің?  
Мен жүрмін осы күнде аңсап бәрін.



Айлы түн, есімдесің сен де менің,  
Бал бұлақ суын берген – шөлдеп едім.  
Қарсы алған,  
Қарсы алған қабақ шытпай қашан барсам,  
Аяулы, аманбысың, жеңгелерім?  
Сендерді көкте күнге теңгеремін.

Бұл күнде ақынжанды жас ұланың,  
Арнайды өзіңе деп асыл әнін.  
Оянған,  
Оянған жүрегімде сағынышты,  
Айтшы сен, қайда апарып жасырамын?  
Туған жер, қасиетіңе бас ұрамын.





## САҒЫНЫШ

Сөзін жазған: Сайлаухан НӘКЕНОВ

Вальс екпiнiмен

Ар-ман-ның ұша-ғын - да Бір(е)ұш-тық қал-май ұш - тық.  
Гүл тол-ған құша-ғын - да Гүл дәу-рен қан-дай ыс - тық. Көз жа - зып—  
ке-те-рім - ді— Кү - лім көз— күн бей-не- ден—  
— Ө - кі-ніп ө-те-рім - ді қал-дым ба біл-мей де мен.

Арманның ұшағында  
Бірге ұштық, қалмай ұштық.  
Гүл толған құшағында  
Гүл дәурен қандай ыстық.

Сен жүрген бақ-нулардың  
Лебінен ем іздедім.  
Оралған аққулардың  
Ішінен сені іздедім.

### **Қайырмасы:**

*Көз жазып кетерімді  
Күлімкөз, күн бейнеден,  
Өкініп өтерімді  
Қалдым ба білмей де мен?*

### **Қайырмасы.**

Мен сенен шалғай кетем  
Деп, сірә, ойладым ба?  
Армандар алдай ма екен,  
Сағынтып қойғаның ба?



## АУЫЛЫМ

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Ау - ы - лым ұш - қан - ұ - ям бақ - ы - ры - сым Мен ке - лем құ - ша - ғы -  
на а - лып ұ - шып Жа - ным - ның боз - тор - га - йы шы - рыл - дай - ды  
Жу - сан - ның жұ - па - ры боп са - ғы - ны - шым. Жа - рас - қан ой - ын  
сау - ы - ғы А - ғай - ын ту - ыс, бау - ы - рым. Құн - да - ғы құт - ты  
Қайырмасы:  
қау - ым - ның Тұ - ма - ры сен - сің, ау - ы - лым.

Ауылым – ұшқан ұям, бақ-ырысым,  
Мен келем құшағыңа алып-ұшып.  
Жанымның бозторғайы шырылдайды,  
Жусанның жұпары боп сағынышым.

### **Қайырмасы:**

Жарасқан ойын-сауығы  
Ағайын-туған, бауырым.  
Құндағы құтты қауымның  
Тұмары сенсің, ауылым!

Ат жалын тарта мініп, талаптанып,  
Өзіңнен түлеп ұшқам қанаттанып.  
Ал бүгін сол бір кездер көз алдымда  
Жатады сағынышқа сабақталып.



***Қайырмасы.***

Сені аңсап жыл құсымен көктем келді,  
Еске сап гүл жамылған көк белдерді.  
Құйғытып қиял-құлын аралайды  
Кешегі мен қыдырған бөктерлерді.





## АРҒАНАТЫМ – ЖЕР ЖАННАТЫМ

Сөзін жазған: Аманжол ОМАРОВ

Асықпай

Кой-ның то-лы ә-сем қайың өр-те - рек, Бал бұ-ла - ғың  
сың-ғыр қақ қан ер - ке - леп. А-сыр са-лып ой-на-ғым кеп ә-лі - де  
**Қайырмасы:**  
Е - сей - дім деп ө - кі - не-мін ер-те - рек. Ар-га - на-тым -  
ән қа-на-тым - ай. Ту-ған-жерім кең ме-ке - нім. Ар-га - на-тым -  
жер жан-на-тым а - а - а-ай сен(і) - ә-нім-мен тер-бе - те-мін.

Қойның толы әсем қайың, өр терек,  
Бал бұлағың сыңғыр қаққан еркелеп.  
Асыр салып ойнағым кеп әлі де,  
Есейдім деп өкінемін ертерек.

### **Қайырмасы:**

Арғанатым – ән қанатым-ай,  
Туған жерім – кең мекенім.  
Арғанатым – жер жаннатым-ай,  
Сені әніммен тербетемін.



Бауырында ойнап күздарыңның айбарлы,  
Бал күндерім естен кетпес жайдарлы.  
Ғашықтарға пәк сезімді бақ тілеп,  
Бұлбұл сайрап, ақ қайыңдар жайқалды.

***Қайырмасы.***

Өр шыңдарың – менің асқақ арманым,  
Сенде таттым балалықтың бал дәмін.  
Мәуелеген иран бағы Ұлытаудың,  
Осы әнімді тек өзіңе арнадым.

***Қайырмасы.***





## АЛҒАБАСЫМ

Сөзін жазған: Аманжол ОМАРОВ

Вальс екпінімен шаттана

Сар(ы)да-ла сыр ше-жі - ре өт - кен күн-нен. О-ран-ып сар(ы) са-ғым -  
мен жет-кен біз - ге. Жамылған жа - сыл-же - лек Ал - га - ба - сым

**Қайырмасы:**  
Бейнең ай он бесінде төңкерілген. Ұ - лы бар ар-ман(ы) а -  
сыл Қы - зы бар ән - ге га - шық. Бас - тау - ы мың бұ - лақ - тың  
Ту - ган жер Ал - га - ба - сым. Бас - тау - ы мың бұ - лақ -  
тың Ту - ган жер Ал - га - ба - сым.

Сары дала – сыр-шежіре өткен күннен,  
Оранып сары сағыммен көмкерілген.  
Жамылған жасыл желек Алғабасым,  
Бейнең – ай он бесінде төңкерілген.

### **Қайырмасы:**

Ұлы бар арманы асық,  
Қызы бар әнге гашық.  
Мекені мың бұлақтың,  
Туған жер – Алғабасым.



Күмістей сылдыраған Бетбұлағым,  
Жылғанда мен – бір өскен көк құрағың.  
Көңілдің көгершіні жүр көгінде,  
Болса да қазір сенен шет тұрағым.

***Қайырмасы.***

Әлемнен таба алам ба жерді сендей,  
Таптым мен жер ұйығын елді кезбей.  
Өзіңе, жер жаннаты, туған мекен,  
Көкейден төгілер жыр аққан селдей.

***Қайырмасы.***





## САРЫ ҚҰМДАР

Сөзін жазған: Әлима ЖАҚЫПОВА

Терең сезіммен толғана

Бал дәурен шақты есіме алсам ойлаңып Сары құмдарым  
түседі еске ойға анық. Сырғанақ тепкен шағыл құмдар  
дың белесі Балалық шақтан  
сыр шерте тіндей толғанып.

Бал дәурен шақты есіме алсам ойланып,  
Сары құмдарым түседі еске, ойға анық.  
Сырғанақ тепкен шағыл құмдардың белесі  
Балалық шақтан сыр шертетіндей толғанып.

Есімде әлі балалық шағым – бал күнім,  
Қызықтаушы едік шуағын шашқан май күнім.  
Сары алтын құмның сағымдарына оранып,  
Теретін едік аңқыған жұпар сан гүлін,

Сексеуіл, жыңғыл мекені еді құмдарым,  
Намысты әркез өзінде ғана шындадым.  
...Балалық шақтан аттанып ерте кетсем де,  
Түсіне алмадым өзінде қандай мұң барын.



Қауызын ашыш, жайнаған гүлі көктемде,  
Кэрәнэй, көсік өсуші еді көктемде.  
...Тандана қарап әрбір төбеңе мен тұрмын,  
Сары құм қайда, аласарып бір сәт кеткен бе?

Сары құмдарым – киелі алтын бесігім,  
Ұрпағың келіп тәу етсе саған несі мін?!  
Жайылмасыншы көсіліп жатқан құмдарым,  
Кінәлі болсам, сұрайын сенен кешірім.





## АҚ ЖЕҢГЕМ

Сөзін жазған: Аманжол ОМАРОВ

Көңілді

Өмір-ге сыр-лы сән бер - ген, көкей-ге әсем ән бер - ген.  
Май гү - лін-дей ыр-ға - лып, Тө - рі - міз-ге әр бер - ген.  
А - ғай - ымның а - сы - лы, Та - лай жан - ның ға - шы - ғы  
а - уы - лы - ма ай - мақ - қа, А - лып -  
кел - ген бақ жең - гем.

Өмірге сырлы сән берген,  
Көкейге әсем ән берген.  
Май гүліндей ырғалып,  
Төрімізге әр берген,

Ағайымның асылы,  
Талай жанның ғашығы,  
Ауылына, аймаққа  
Алып келген бақ жеңгем.

Ойы – тұнық шынайы,  
Жүзі – алау қыр айы.  
Шуақ құйған назымен,  
Шаңырақтың шырайы.

Апасындай абысын,  
Аялаған қайнысын,  
Жасыл бақтың бағбаны,  
Бақытты жанның жарысың.

Түсінетін жаныңды,  
Мүсін етіп арыңды.  
Сырыңды іштей ұғынып,  
Паш еткен елге барыңды.

Ағайдың ерке елігі,  
Ақ жайлаудың көрігі.  
Алтын кілті бірліктің,  
Абзал жанды ақ жеңгем.



## ҚАРЫНДАСЫМА

Сөзін жазған: *Ибраһим БЕКМАХАНОВ*

Вальс екпінімен

Өмір қысқа бір қайырым жолға на өзіңді ойлап отыраммен толға на. Аққу едің айдын шалқар көлімнің. Ұшып кеттің қинайтын солға на.

Өмір – қысқа, бір қайырым жол ғана,  
Өзінді ойлап отырам мен толғана.  
Аққуы едің айдын-шалқар көлімнің,  
Ұшып кеттің, қинайтыны сол ғана. } 2 рет

Құтты болсын өмірдегі талабың,  
Жас отаудың қадірін біл, қарағым.  
Барған жерге өз қызындай сыйлы бол,  
Біздің жаққа болмасын еш алаңың. } 2 рет

Басыңа кеп бақыт құсы қонғаны  
Құрметтей біл ата-ененді қолдағы.  
Сағынғанда маңдайыңнан иіскетіп,  
Бір көрініп, келіп кетсең болғаны. } 2 рет



## САРЫСУ ВАЛЬСІ

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Вальс екпінімен

Музыкальная партитура вальса. Пять строк нот с текстом на казахском языке. Музыка записана на одной октаве в 3/4 такта.

Кең да-ла-ның көз-де - рі-нің қа-ра - сы. О-сы деп біл на-зар са-лып қа-ра -  
шы. Мы-нау а-уыл-кін-дік қа-ным там-ған жер. Із - гі-лік пен ме-йі-  
Қайырмасы:  
рім-нің па - на - сы. Жа-ным да - ғы жа - нар та - уым  
Се - нен тап-тым ән ар - қа - уын. Са - ры - су - ым-сыр -  
лы ме - кен. Са-ғы - ны - шы Са - р(ы) - ар - қа - ның!...

Кең даланың көздерінің қарасы  
Осы деп біл, назар салып қарашы.  
Мынау ауыл – кіндік қаным тамған жер,  
Ізгілік пен мейірімнің панасы.

### **Қайырмасы:**

Жанымдағы жанартауын,  
Сенен таптым ән арқауын.  
Сарысуым – сырлы мекен,  
Сағынышы Сарыарқаның.

Тектіліктің тұрағында мен келем,  
Қызғалдақ боп қыр төсінде тербелем.



Бала кездің тарап тұрмын кекілін,  
Еспе жақтан ескен самал желменен.

***Қайырмасы.***

Жыландының биігінен самғаған,  
Қыран-күнім, қос қанаты талмаған.  
Ерке өзенің ағып жатыр есіліп,  
Бүгінімді болашақпен жалғаған.

***Қайырмасы.***





## ҰСТАЗДАР ӘНІ

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Жігерлі



Не - ге? Қа - лай? Не? - түй - ін - ді та - мыз - дық, Жа - дын - да тұр



ұс - таз - дар - дың жан(ы) із - зі. Бас - қа - ру мен көш - бас - шы - лық



ар - қы - лы өз - ге - ріс - ке қол жет - кі - зу маң - ыз - ды.

Қайырмасы:



Көр - се - тей - ік ә - ріп - тес - ке ө - не - ге, Көс - бас - шы - лық



бә - рі - міз бір ке - ме - де. Үш дең -гей - лі бағ - дар - ла - ма



бү - гін - де Жа - ңа маз - мұн ен - зі - зу - де бі - лім - ге.



Үш дең -гей - лі бағ - дар - ла - ма бү - гін - де



Жа - ңа маз - мұн ен - зі - зу - де бі - лім - ге.

«Неге? Қалай? Не?» – түйінді тамыздық,  
Жадында тұр ұстаздардың жаны ізгі.  
Басқару мен көшбасшылық арқылы  
Өзгеріске қол жеткізу маңызды.



**Қайырмасы:**

*Көрсетейік әріптеске өнеге,  
Көшбасшымыз бәріміз бір кемеде.  
Үш деңгейлі бағдарлама бүгінде 2 рет  
Жаңа мазмұн енгізуде білімге.*

Менторинг, коучинг – білім дерегі,  
Шеберлік те ізденіспен келеді.  
Жеті модуль бір арнаға тоғысып,  
Әр сабаққа жаңа мазмұн береді.

**Қайырмасы.**

Сыни ойлау – білім-теңіз желкені,  
Топпен бірге өссін, шәкірт, өркенің!  
Қоғамдастық өзгеріске бастағай,  
Жас ұрпақтың нұрлы болғай ертеңі!

**Қайырмасы.**





## МЕКТЕП ӘНІ

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Жігерлі

А-рай-лы ақ шуақ ас - па-ның, Үл-гі - мен ө - не-ге даc-та - ны.

ө-нер - де бі - лім-де тек ал-ға Шеті-нен өр мі-нез жас- та - ры.

Қайырмасы:

Би - ік шың - дар-ға сам- га - ғань Қа - на - ты еш - бір

тал - ма - ған. Он - то-ғы - зын - шы мек- те - бімь

Жа - ны-на се - рік ар - ман - әне он - то-ғы - зын - шы

мек- те - бімь жа-ны-на се - рік ар - ман - әне!

Арайлы ақ шуақ – аспаны,  
 Үлгі мен өнеге – дастаны.  
 Өнерде, білімде – тек алда,  
 Шетінен өр мінез жастары.

### Қайырмасы:

Биік шыңдарға самғаған,  
 Қанаты ешбір талмаған.  
 Мақтаным менің – мектебім,  
 Жанына серік – арман-ән!

Нұр құйып жанына, жүрекке,  
 Асыққан арманға, тілекке.  
 Сарыарқа самалы тербетіп,  
 Жасампаз Отанын жыр еткен.

### Қайырмасы.

Ұлағат ұстанған ұл-қызы –  
 Қырдағы қызғалдақ қырмызы.  
 Егемен, еркін ел көгінде  
 Жарқырап жанады жұлдызы!

### Қайырмасы.



## БАЛАБАҚША ӘНІ

Сөзін жазған: Амангелді ҚҰРАҚБАЙ

Көңілді

Біз а-қыл-ды ба-ла - мыз, Айт-қан тіл-ді а - ла - мыз. Бі-лім а-лып  
бо-ла - шақ Ел қор-ға-ны бо-ла - мыз. Бал-ғын ба-ла ша-ғы - мыз  
Ән са - лай - ық бә - рі - - міз. Ба - қыт ұ - я  
ме - ке - - нім Ба - ла бақ-шам ә - ні - - міз.

Біз – ақылды баламыз,  
Айтқан тілді аламыз.  
Білім алып, болашақ  
Ел қорғаны боламыз.

Келіседі сәніміз,  
Бізге қара бәріңіз.  
Жазу-сызу, ән салып,  
Би билейтін – тағы біз.

### **Қайырмасы:**

*Балғын бала шағымыз,  
Ән салайық бәріміз.  
Бақыт ұя-мекенім –  
Балабақшам – әніміз.*

### **Қайырмасы.**

Балабақша – мекенім,  
Осында ер жетемін.  
Барлығына мың рахмет,  
Басымды иіп өтемін.



## СЕН ҚАРАСАҢ...

Сөзін жазған: Мұса ТІЛЕУОВ

Көңілді

Бн-тық-тыр-ған жа-ным- ды көк-те күн - ге Кө-ңі - лім-нің  
о-рал-ған көк-те - мі ме? Түс көр-ген-дей күй кеш-тім таң-ға - жай -  
ыль Сен қа -сым-нан кү-лім-деп өт-ке - нің - де. **Қайырмасы:** А-жа-ры -  
мен а-рай-лы көр - кі— қан дайь Құ-ра-лай- көзь қо - лаң шаш  
ақ - ша маң - дай. Ің - кәр ке - зім - де пәк се - зім - де,  
Ле - бі - ң(е) е - ріп ба - ра - мын ақ са - мал - дай.

Бнтықтырған жанымды көкте күнге,  
Көңілімнің оралған көктемі ме?!  
Түс көргендей күй кештім таңғажайып,  
Сен қасымнан күлімдеп өткенінде.

### Қайырмасы:

Ажары мен арайлы көркі қандай?!  
Құралай көз, қолаң шаш, ақша маңдай.  
Іңкәр кезімде, пәк сезімде,  
Лебіңе еріп барамын ақ самалдай.



Діріл қағып түп-тұнық жанарыңда ай,  
Төңірекке төгілді алтын арай.  
Аппақ нұрдың ішіне еніп кеттім,  
Алау гүлге қол созып абайламай.

***Қайырмасы.***

Еліктіріп, бермейді уақыт тыным,  
Қолыма кеп қона ма жақұт күнім?!  
Алып-ұшып алдыға келгенімде,  
Бір қарасаң жарқ етіп, бақыттымын.

***Қайырмасы.***





## АЙТА АЛМАДЫМ СЫРЫМДЫ

Сөзін жазған: Мұса ТІЛЕУОВ

Орташа тегірене

Кал-қам-ау қалай ғана жай та- ба - мын, Мен са - ған бар сы-рым-ды  
ай т(а) ал - ма-дым. Те - ңеу- ге ті-лім жет - пей  
се-зі-мім-ді - ді, А-тың-ды іш-тей ға-на қай-та - ла - дым.

Қалқам-ау, қалай ғана жай табамын,  
Мен саған бар сырымды айта алмадым.  
Теңеуге тілім жетпей сезімімді,  
Атыңды іштей ғана қайталадым.

Бар еді айтар сырым, айтар әнім,  
Сонда да бақытым деп айта алмадым.  
Аса алмай «аға» деген ізетіңнен,  
«Қалқам» деп ішімнен тек қайталадым.

Шарасыз іштен тынған кездерімде  
Сен мені сездің бе, әлде сезбедің бе?  
Не дейді жаутандаған жанарларым,  
Қайта бір қарап көрші көздеріме.

Мұңымды ішімдегі біледі кім,  
Алдыңа тағы келдім, міне, бүгін.  
Мен емес, бәрін саған өзі-ақ айтсын,  
Лүпілін тыңдап көрші жүрегімнің.



## КҮЗГІ БАҚТА ДА КӨКТЕМ БАР

Сөзін жазған: Абдолла ДАСТАНОВ

Орташа-тебірене

Кон-ды-рып қырау са-май-ға. Күз кел-ді мы-нау ма-ңай-ға. Қи-ы-ғын тас-тап  
кө-зі-нің, Қыз-көк-тем біз-ге қа-рай ма?— Қайырмасы:  
Үз-бей-мін ү-міт  
ақ таң-нан, Ә-лі-де га-жап шақ-тар бар. Жо-лық-қан ма-ған  
сен бо-лып, Күз-гі бақ-та да көк-тем бар.

Қондырып қырау самайға,  
Күз келді мынау маңайға.  
Қиығын тастап көзінің,  
Қыз-көктем бізге қарай ма?

### Қайырмасы:

Үзбеймін үміт ақ таңнан,  
Әлі де гажап шақтар бар.  
Жолыққан маған сен болып,  
Күзгі бақта да көктем бар.

Жайлауын жайлап жанымның,  
Келтірдің сазын әнімнің.  
Соңғы үзіктері ме екенсің  
Қол бұлғап кетер шағымның?

### Қайырмасы.

Көшеді бұлттар төбеден,  
Көңілсіздеумін неге мен?  
Желменен ұшқан жапырақ  
Күндерім шығар көнерген.

### Қайырмасы.



## КӨҢІЛ ҚҰСЫ

Сөзін жазған: Амангали ЕРБОЗОВ

Орташа

Er-kin құc ем еp-kin ұ - шып жүp e-дiм, Тол-қы-ды гой- ты-ныш жат-қан  
жү-ре - гім. Қай-дан ғана кe-зік - тіp-дiм я-пыp- ай, Ен-дi өзiң- сіз  
қа-лай ө-міp сү-ре- мін. Ен-дi өзiң-сіз қа-лай ө-міp сү-ре- мін.  
А - а - а - а - а - а Ой-да жоқ-та жо-лық- тыp-ған ө - зі - ңе  
тағ - ды - ры - ма — ай - тай-ын - шы мың ал - ғыс  
тағ - ды - ры - ма ай - тай-ын - шы мың ал - ғыс

Erkin құc ем, erkin ұшып жүp eдiм,  
Толқыды ғой тыныш жатқан жүрегім.  
Қайдан ғана кезіктiрдiм, япыр-ай,  
Ендi өзiңсiз қалай өмiр сүpемiн? } 2 рет

Erkin құc ем, erkimнен тыс тұсадың,  
Сенде сиқыр бар керемет күш-ағын.  
Бағдарымнан жаңылысып қалдым да,  
Бiр бағытқа – саған қарай ұшамын. } 2 рет



Раушан гүлім, мен ем саған құмар құс,  
Бұл сезімнен жоқ қой енді шығар күш.  
Ойда жоқта жолықтырған өзіңе  
Тағдырыма айтайыншы мың алғыс. } *2 рет*





## АЙТЫЛМАҒАН СЫР

Сөзін жазған: Марат АҚБАЕВ

Вальс екпінімен

Не - ге жа - ным күр - сі - не - мін кей - де мень Е - зі - ліп бір кет - кен  
дей ау жан дү - нием. Бі - ліп тұ - рып не - ге ме - ні қи - най - сың  
Ба - тыл айт - сам бұл ә - зіл - ді қой дер ем. Бі - ліп тұ - рып не - ге  
ме - ні қи - най - сың Ба - тыл айт - сам бұл ә - зіл - ді қой дер ем.

Неге, жаным, күрсінемін кейде мен,  
Езіліп бір кеткендей-ау жан дүнием.  
Біліп тұрып неге мені қинайсың,  
Батыл айтсам, бұл әзілді қой дер ем. } 2 рет

Жүрек, неге бұлқынуды қоймадың,  
Жанарыңа қараудан еш тоймадым.  
Қандай ойлы қос жанарың тұңғыық,  
Қалдым ғой мен сол жанардан ойды ұғып. } 2 рет

Өзіңсің бе қуанышым, бақытым,  
Тек қорқамын, қандай жылдам уақытым.  
«Аға» болып жүрсем де мен өзіңе,  
Шек қоймашы мендегі бір сезімге. } 2 рет



## АҢСАҒАН АҚ АРМАНЫМ

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Вальс екпінімен

Сен бо-лып аң-са-га - ным Жа-ны-ма а-рай бер - дің. Тап-қан-дай жан са-ма -

Қайырмасы:

лын Көз ал- май қа - рай бер- дім. А - сыл ай- ым, аң-са-ған ақ ар - ма -

ным Ба - қыт ті - леп ән ай-там са- ған, жа - ным.

са - ған жа - ным, аң - са - ған ақ ар - ма - ным.

Сен болып аңсағаным,  
Жаныма арай бердің.  
Тапқандай жан самалын,  
Көз алмай қарай бердім.

Дидарың ай нұрындай,  
Мақпал түн көркі болған.  
Аққу ма ең айдынымда  
Махаббат серті болған?!

### Қайырмасы:

Асыл айым,  
аңсаған ақ арманым,  
Бақыт тілеп ән айтам  
саған, жаным,  
Саған, жаным,  
аңсаған ақ арманым.

### Қайырмасы.

Кенгірдің жағасында  
Кездестім өзіңменен.  
Бақыттың бағы осында,  
Сел болды сезім деген.

### Қайырмасы.



## СЕНІ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕ

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Орташа

Се-н(і) ал-ғаш көр-ген - де Ба-қыт-қа ба-ла - ғам. Ға-шық боп

Қайырмасы:

шер-мен - де, Сен шық-пай са-на - дан. Көп кө-ңіл кем-се - ңі

Бей - не - ңе та - бы - нам. — Из - де - дім

мен— се - ні Жас - тық шақ ба - ғы - нан.

Сені алғаш рет көргенде,  
Бақытқа балағам.  
Ғашық боп шерменде,  
Сен шықпай санадан.

### Қайырмасы:

Көп көңіл кемсеңі,  
Бейнеңе табынам.  
Іздедім мен сені  
Жастық шақ бағынан.

Көруші ем өзінді  
Өнімде, түсімде.  
Ояттың сезімді  
Сол ғажап пішінде.

### Қайырмасы.

Сыйладың жанға мұң,  
Ұштың да қолымнан.  
Өзгені таңдадың  
Өмірдің жолында.

### Қайырмасы.



## СЕНІ АҢСАЙМЫН

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Терең сезіммен

Ар-да-гым- сен а - сыл ай- ым, Ар - ма- ны-ма жо - лық-тым.

Се-нен не - сін жа - сы- рай-ын, Се-ні аң-сай-мын со - ны ұқ-тым.

Қайырмасы:

Ба-қы- тым - ды Тап-қан- дай - мын, Жан сы - рым - ды

ұ - га - тын. Ай-на- лай - ын, ақ маң- дай- лым, Сен бол му - за -

мұ - ра - тым, Ай - на - ла - йын, ақ маң - дай - лым,

Сен бол му - за - - мұ - ра - тым!

Ардағым сен, асыл айым,  
Арманыма жолықтым.  
Сенен несін жасырайын,  
Сені аңсаймын – соны ұқтым.

### Қайырмасы:

Бақытымды тапқандаймын  
Жан сырымды ұғатын.

Айналайын, ақ маңдайлым,  
Сен бол муза-мұратым!

Нұр жүзіңнен шуақ таптым,  
Жалт еткенде жанарың.  
Қылығыңмен сынап бақтың,  
Қарамадың, қарадың.

### Қайырмасы.



## САҒАН

Сөзін жазған: Абай ОРАЗ

Орташа

Аң - са - га - ным сен е - дің, Са - ғы - ны - шым а - яу - лы. Аң - сап ә - лі  
Қайырмасы:  
ке - ле - мің Ба - қы - тым - ды ба - ян - ды. Жа - на - ры - ма  
құй - ыл - ған Сен бір там - шы жа - сым ең. Маң - дай - ы - ма  
Бұй - ыр - ған А - қы - ғым ең а - сыл ең.

Аңсағаным сен едің,  
Сағынышым аяулы.  
Аңсап әлі келемін  
Бақытымды баянды.

### **Қайырмасы:**

*Жанарыма құйылған  
Сен – бір тамшы жасым ең.  
Маңдайыма бұйырған  
Ақығым ең, асыл ең.*

Таңғы шықтай тап-таза  
Көзің күлім қағады.  
Сезім бе, әлде басқа ма  
Махаббаттың аралы?

### **Қайырмасы.**

Көңілімді көктеген  
Биіктерге ұшырдым.  
Махаббаттың тек сенен  
Тарайтынын түсіндім.

### **Қайырмасы.**



## ШАТТЫҚ ЖЫРЫ

Сөзін жазған: Амангелді ОРАЗҰЛЫ

Көңілді

Еркін елдің ұланымыз ашық күмбез аспаны.  
Шырқалады жыр-әніміз жалғап достық дастанын.  
Шаттанамыз туған елде күн күледі көгімде  
біздің байтақ туған жерде достық қымбат тегінде.

Қайырмасы:

Біз бақытты баланымыз әрқашан да бірге-міз.  
Гүл жамылған дадаланымыз  
мызғымасын ірге-міз.

Еркін елдің ұланымыз,  
Ашық күмбез-аспаны.  
Шырқалады жыр-әніміз,  
Жалғап достық дастанын.  
Шаттанамыз туған елде,  
Күн күледі көгімде.  
Біздің байтақ туған жерде  
Достық қымбат, тегінде.



***Қайырмасы:***

*Біз – бақытты баламыз,  
Әрқашан да біргеміз.  
Гүл жамылған даламыз,  
Мызғымасын іргеміз.*

Ата-баба өнегесін,  
Зор сенімін ақтаймыз.  
Кеңейсін ел керегесі,  
Татулықты сақтаймыз.  
Білімді ұрпақ – ел тірегі,  
Күш саламыз білімге.  
Шат-шадымен ел тілегі –  
Күлімде, күн, күлімде!

***Қайырмасы.***





## БАЛ БӨБЕГІМ

Сөзін жазған: Болат ДӘУЛЕТІЯРОВ

Нәзік сезіммен тербей

Ақ ниетті - тілекпен Маңдайыңнан өбемін.  
Өзің үшін жүректен Жыр маржаны төгемін.  
Әлди, әлди, әлди-ай әлди, әлди, әлди-ай  
өзің үшін жүректен жыр маржаны төгемін.

Ақ ниетті тілекпен  
Маңдайыңнан өбемін.  
Өзің үшін жүректен  
Жыр маржаны төгемін.

### **Қайырмасы:**

Әлди, әлди, әлди-ай,  
Әлди, әлди, әлди-ай.  
Өзің үшін жүректен  
Жыр маржаны төгемін.

Күлкің неткен сүйкімді,  
Жүзіңнен нұр көремін.  
Көңілден күй төгемін,  
Сен күлгенде, бөбегім.

### **Қайырмасы.**

Таң алдында тұр күліп,  
Нұрға толы заманың.  
Өсе бер сен құлпырып,  
Гүліндей боп даланың.

### **Қайырмасы.**



## ЕЛ ҚОРҒАЙТЫН ЕР БОЛАМ!

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Марш екпінімен

Жел - бі - ре - тіп жі - ге - рім - нің жа - ла - уынъ На - мы - сым - ның  
жа - ғам әр кез а - ла - уынъ. Ба - уыр - жан - дай ел қор - ғай - тын  
ер бо - ламъ Ту - ған ел - дің ты - ныш - ты - ғы қа - ла - уым.  
Қайырмасы:  
Ар - на - мыс - тың бас - тау - ы Ер - кін е - лім ар - ма - нымъ  
А - шық бол - сын ас - па - ныңъ Бо - лам се - нің  
қор - га - ныңъ қор - га - ныңъ.

Желбіретіп жігерімнің жалауын,  
Адалдықтың жағатұғын алауын,  
Бауыржандай ер қорғайтын ер болам,  
Туған елдің тыныштығы – қалауым.

**Қайырмасы:**

Ерлігімнің бастауы,  
Еркін елім – орманым,  
Ашық болсын аспаның,  
Болам сенің қорғаның!



Батылдық пен қатар ұстап білімді,  
Мақтан етем шуақ шашқан күнімді.  
Қорғап өту басты парыз деп білем  
Дәстүрімді, ділім менен дінімді.

***Қайырмасы.***

Жанын қиған адалдық пен ар үшін  
Бабалардың жырлап өтем намысын.  
Бола білген бейбітшілік бастауы  
Қазақ елін барлық әлем танысын!

***Қайырмасы.***






## ТОЙҒА ТІЛЕК

Сөзін жазған: Амангелді БҰҚАР

Көңілді




Жү-зі-міз-де күл-к(і) ой-нап, Ой-на-йық та кү-лей-ік!



Ду-ман-да-тып бір той-лап Сауық-т(ы) ө-мір сү-рей-ік!

Қайырмасы:



Той-ла-рың-ыз а-гай-ың, Құт-ты бол-сын шал-қы-сын!



Той-дың о-тын жа-гай-ық, Өн тө-рің-де қал-қы-сын!

Жүзімізде күлкі ойнап,  
Ойнайық та күлейік.  
Думандатып бір тойлап,  
Сауықты өмір сүрейік.

Тойдың сәні – қонағы,  
Жақсы, жайсаң – айналаң.  
Көңілдерге қонады  
Ақ дастарқан жайнаған.

**Қайырмасы:**

Тойларыңыз, агайын,  
Құтты болсын, шалқысын!  
Тойдың отын жағайық,  
Өн төріңде қалқысын!

**Қайырмасы.**

Тойдың көркі – қыз-жігіт,  
Биле, жастар, жалында!  
Биле ортаны қыздырып,  
От ойнасын қаныңда!

**Қайырмасы.**



## ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ МҰҢАЯДЫ ЖАҒАДА...

Сөзін жазған: Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Мұңды

Күн-дер ө - тіп, ба-қыт-ты да бал - шы - рын Жа - на-рың-нан жы - лап а-ғып там  
шы - мұң. Жал - ғыз ақ - қу, а - за - л(ы) ән - ге сал - дың да, Жү - ре-гім - ді  
Қайырмасы:  
жү - ре-гім-ді жан - шы - дың. Жал-ғыз ақ - қу сы-рың-д(ы) ай-тып  
күн-ай - ға. Қа-па-лан - ба, қа-па-лан - ба, мұңай - ма. Ға-шық-тар-ға  
дай-ын тұрар а - за - бы, ө - мір - о - сы, ө - зе - гін-де  
мың ай - ла, қа - па - лан - ба, мұңай - ма...

Күндер өтіп бақытты да бал-шырын,  
Жанарыңнан жылап ағып тамшы-мұң,  
Жалғыз аққу, азалы әнге салдың да,  
Жүрегімді, жүрегімді жаншыдың.

### Қайырмасы:

Жалғыз аққу, сырыңды айтып күн-айға,  
Қапаланба, қапаланба, мұңайма.  
Ғашықтарға дайын тұрар азабы,  
Өмір – осы, өзегінде – мың айла.  
Қапаланба, мұңайма...



Шағаланың көрдің-дағы шаттығын,  
Еске түсіп алыстағы бақ-күнің,  
Сағындырды, табындырды өзіне  
Кеудеңдегі елес болған тәтті мұң.

***Қайырмасы.***

Жағалауда жүрсің әлі бұйығы,  
Жүрегінде – сыңарыңның күйігі.  
Жалғыз аққу, мұңаймашы, мұңайма,  
Адалдықтың сен ғанасың биігі!..

***Қайырмасы.***





## ТЕРЕЗЕМДІ ҚАҒЫҢДАРШЫ, ТАМШЫЛАР

Сөзін жазған: Амангали ЕРБОЗОВ

Төбірене ытерен сезіммен

Сүй-ген жү-рек тағ-дыр кеш-ті сан қи - лыь Ұ - на-та-ды кей-де мұң-ды  
ән - күй - ді. өзің-д(і) ой-лап тұ-ра-ды да таң - ер - тең өзің-д(і) ой-лап

Қайырмасы:

өзің-д(і) ой-лап қал - ги - ды. Менің жас-сық жі-герім-ді қам-шы - лар  
Көкі-ре-гім-нен а-той са-лып ән шы - гар. Сүй-ген жү-рек қал-ғы-мау-ын  
қа - ла - саң, Те-ре-зем-ді қа-ғың-дар-шы, қа-ғың-дар-шы там - шы - лар.

Сүйген жүрек тағдыр кешті сан қилы,  
Ұнатады кейде мұңлы ән-күйді.  
Өзінді ойлап тұрады да таңертең,  
Өзінді ойлап, өзінді ойлап қалғиды.

### Қайырмасы:

Менің жассық жігерімді қамшылар,  
Көкірегімнен атой салып ән шығар.  
Сүйген жүрек қалғымауын қаласаң,  
Төреземді қағыңдаршы, тамшылар.

Сен де, жаным, қалайсың ба басқаны,  
Қайда біздің уәдеміз бастағы?  
Төреземді қағып жатқан тамшылар –  
Саған деген сағыныштың жастары.

*II бөлім*



*Суреттер  
сөйлейді*



*Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Бідырысов  
«Шындық» қоғамдық бірлестігінің мүшелерімен әңгімелесіп тұр*



*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильяновпен кездесу*



*№16 мектептің директоры Қайрат Смайлов (оң жақта) және әлеуметтік педагог Майра Әбдірахманқызымен бірге*



*Өнердегі, өмірдегі дос, әнші-сазгер  
Бидалы Бекжігітпен ән салу – бір ғанибет!*



*Сәтбаев мәдени-ағарту училищесінде оқып жүрген жылдардан*



*Училище жанынан құрылған театр мүшелері кезекті қойылымнан соң.  
«Шұға» спектакліндегі Әбіштің рөлінде – Қ. Тәшетов  
(жоғары қатарда – сол жақтан төртінші)*



*Училищедегі ұстаздардың бірі қазіргі профессор  
Қарасай Сайжан болатын*



*Дир-хор группасы*



*Өнерге іңкәр жүректен...*



*Қалалық ұстаздар байқауы*



*Гитарашылар тобы. Жетекшісі – Құрманғали Тәшіетов*



*Сахнада – гитарашылар тобы*



*Ән салғанды ұнатам  
гитарамен...*



*Домбыраға қосылып ән  
салғанда*



*Ұстазы Азат Қыдырбайұлымен (оң жақта) бірге сахнада өнер көрсету*



*Өз тәжірибесімен бөлісу сәті*



*№16 мектеп оқушыларының хор ұжымы*



*Кезекті дайындық кезінде*



**фестиваль-конкурс**

# ДИПЛОМ

Награждается

**Ташетов Курмангали Жусупович**

*СОШ №16 г.Сатпаев Карагандинская область*

*за подготовку*

*Приз «Надежда»*

*в номинации «Вокал»*

*(младшая группа)*

*X Международного*

*Фестиваля-конкурса "Күншуақ"*

07.06.2013 г.

Президент ОФ «Күншуақ»

Ковалерова С.В.

Алматы



Республикалық "Білім шыңы-Ғылым сыры"  
журналының редакциясы ұйымдастырған  
"Жылдың үздік 100 мұғалімі"  
жобасына қатысушы

**Ташетов Курманғали  
Жусипович**

арнайы құрылған комиссиясының  
2016 жыл 04 қыркүйектегі  
№012 шешімі бойынша  
"ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ"  
тосбелгісімен марапатталды.



Бас редакторы: А.А.ЕСЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
МҚКК «ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ»




# Алғыс хат

*Ташетов Курманғали*

Жас ұрпақты өнерге баулып, салауатты өмір салтын  
насихаттауға қосқан үлесіңіз үшін,  
II-ші Республикалық "Жаз мереке" ән-би балалар  
байқауына сіңірген еңбектеріңіз үшін алғысымызды  
білдіреміз.

Оқушылар сарайының директоры *Тұрысбеков* Қ.Б. Тұрысбеков

Қазылар алқасының төрағасы, ҚР еңбек сіңірген өртісі *Қаламбаева* Қ.Ж. Қаламбаева

*"Мереке" жасөспірімдер студиясы*

Алматы-2013







«Бейбітшілік әлемі»  
(Планета Мира - World of Peace)  
Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі

Күрәлік №1812  
**Ташетов**  
**Курманғали**  
**Жусипович**  
Халықаралық ұстаздар  
одағының мүшесі  
Шымкент, А.А.

Международное казахское творческое объединение  
«Бейбітшілік әлемі» (Планета Мира - World of Peace)  
International Kazakh Creative Association





«31» қазан 2016 жыл

«Бейбітшілік әлемі»  
(Планета Мира - World of Peace)  
Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі

Күрәлік №1825  
**Ташетов**  
**Курманғали**  
**Жусипович**  
Халықаралық ұстаздар  
одағының мүшесі  
Шымкент, А.А.

Международное казахское творческое объединение  
«Бейбітшілік әлемі» (Планета Мира - World of Peace)  
International Kazakh Creative Association





03.05.2017 жыл

«Бейбітшілік әлемі»  
(Планета Мира - World of Peace)  
Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі

«Бейбітшілік әлемі»  
Халықаралық Қазақ  
Творчестволық Бірлестігінің  
«БЫНАСА» А.А. ИНС АРХИВ.  
«31» қазан 2016 жыл

Күрәлік № 624  
**Ташетов**  
**Курманғали**  
**Жусипович**  
«31» қазан 2016 жыл

Международное казахское творческое объединение  
«Бейбітшілік әлемі» (Планета Мира - World of Peace)  
International Kazakh Creative Association






Ташетов К.Ж.

*Нотасыз домбыра  
үйрену әліппесі  
(әдістемелік нұсқау)*









## МАДАҚТАМА ГРАМОТА

«Қазақ тілі» қоғамының жсанындағы «Арқа сұлулары» және «Ақ әжселер» ансамблынің музыкалық көркемдік жетекшісі, өнерге сіңірген зор еңбегі үшін

**Ташетов  
Құрмангали Жүсіұлы**

МАРАПАТТАЛАДЫ

«Қазақ тілі» қоғамының  
тәрайымы:



М.Бекмаганбетова

Наурыз – 2011 жыл



*III бөлім*



*Қоңыржай*



\* \* \*

Өнер – халық тарихының шежіресі. Қазақ музыка өнерінің халықпен бірге жасасып, тарихи-әлеуметтік өмірі мен толғаныс-тебіреністерін үздіксіз баян етіп келе жатқан саласы – ән мен күй. Әсіресе, қазақтың халық әндері сонау ерте заманнан бері ауыздан-ауызға тарап, біздің заманымызға жетті. Әуелде әнді шығарған авторы ұмытылып қалғандықтан олар қазір «халық әні» деп айтылып жүргені түсінікті.

Орындалуы ерекше, көркемдік сапасы жоғары халық әндерін жас ұрпаққа үйрету – өте маңызды. Кешені ертеңмен жалғастыру іспетті осы ізгілікті істе де Құрманғали Тәшетовтің өзіндік ізденістері жоқ емес. Ол ел арасында сирек айтылатын халық әндерін жинастырып, орта мектептердің, музыкалық және педагогикалық колледждердің, т.б. оқу орындарының мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынған болатын. Сол еңбек осы кітапқа да енгізіліп отыр.

*Жауапты редактордан*



## ҚАРЛЫҒАШЫМ

Же - тер тү - бі ай, мақ - сат - қа ай  
Шақ боп жү - рер ай, әр - кім өз ай

ту - ра жүр - ген ай, ай - нал - май - ды ай  
ша - ма - сы - мен ай бір ә - ке, бір ше

да - рия - ға су да бір - ден ай. Қар - лы - ға - шым - ай  
ше - ше - ден ту - ған - ме - нен ай.

қай - да жүр - сен а - ман жүр қа - рын - да - сым ай

Жетер түбі мақсатқа тура жүрген,  
Айналмады дарияға су да бірден.  
Шақ боп жүрер әркім өз шамасына,  
Бір әке, бір шешеден туғанменен.

### *Қайырмасы:*

*Қарлығашым-ай,  
Қайда жүрсің-ай?  
Аман жүр,  
Қарындасым-ай!*

Су молаяр біртіндеп аққан сайда,  
Құралмайды арамнан тапқан пайда.  
Білек бірге болғанмен, саусақ басқа,  
Бір тусақ та, бірге өмір сүрмек қайда?

### *Қайырмасы.*



## АЛА ҚАРҒА


Орташа екпінде




Ба - сын - да Қа - ра - тау - дың. а - хау  
Е - сі - ме сен түс - кен - де. а - хау




кар - га жү - рер, ши - қыл - дап қа - ра жол -  
се - нер бол - саң, кеу - дем - де шы - бын жа -




мен, у - гай, у - гай, у - гай - ай, ар - ба жү - рер ай,  
ным, у - гай, у - гай, у - гай - ай, зор - га жү - рер ай.



А - ха - хау, а - ла кар - га  
Қо - на - ды жар - дан жар - га.



Қо - сыл - са е - кі жақ - сы, у - гай,



у - гай, у - гай - ай, ар - мап бар ма ай.

Басында Қаратаудың қарға жүрер,  
Шықылдап қара жолмен арба жүрер.  
Есіме сен түскенде, сенер болсаң,  
Кеудемде шыбын жаным зорға жүрер.



***Қайырмасы:***

*Аха-хау, ала қарға,  
Қонады жардан-жарға.  
Қосылса екі жақсы,  
У-угай-угай, угай-ай,  
Арман бар ма-ай?!*

Басынан Қаратаудың қар борады,  
Басына керім жігіт сәлде орайды.  
Сәлдесін бір ораған қайта орайды,  
Басына сол шіркіннің кім қарайды?

***Қайырмасы.***

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,  
Атымды қамшылаймын шабам ба деп.  
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,  
Ауылы қалқатайдың аман ба деп.

***Қайырмасы.***

Басынан Қаратаудың аса алмадым,  
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.  
Жайқалтып жапырағын басар едім,  
Әуенге атыңды атап қоса алмадым.



## ҚАЙРАН ЗАМАН

Орташа екпінде

Біз - дің ел жү - ру - ш(i) е - ді тау - ды жай - лап,  
Жас - тық - тың жа - лың - да - ған ә - се - рі - мен  
көк - о - рай шал - ғы - ны - на би - е бай - лап  
жү - ру - ш(i)ек сү - лу - лар - мен кү - ліп - ой - нап  
ах, уай. Қай - ран за - ман се - кіл - ді,  
а - сау құ - лың бай - лап - ба - ған, ах - уай.

Біздің ел жүруші еді тауды жайлап,  
Көкорай шалғынына бие байлап.

*Әй, уәй.*

Жастықтың жалындаған әсерінде  
Жүруші ек сұлулармен күліп-ойнап.

*Әй, уәй,  
Қайран заман,  
Секілді асау құлын  
Байланбаған,  
Әй, уәй.*



Жігіті біздің жақтың – сылқым, сері,  
Той-думан, ойын-сауық жүрген жері.

*Әй, уәй.*

Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған  
Әркімнің өзіне ыстық туған жері.

*Әй, уәй,  
Қайран заман,  
Секілді асау құлын  
Байланбаған,  
Әй, уәй.*






## ӘЙ, ГИГӘЙ, КӨКЕМ!



Ті - ге - ді ше - бер көй - лек



ей, бой - ға сал - май ай



Ай - та - ды а - қын ө - лең



ой - ға сал - май, әй, ги - гай, кө - кем.

Тігеді шебер көйлек, ей, бойға салмай,  
Айтады ақын өлең ойға салмай,  
Әй, гигәй, көкем!

Өлеңді мұнда айтпаған, ей, қайда айтамыз,  
Үкілеп жал-құйрығын тойға салмай,  
Әй, гигәй, көкем!

Көрінбейді бір күнгідей, ей, дүние өтеді,  
Қолынан оймақсыздың ине өтеді,  
Әй, гигәй, көкем!

Барында оралыңның, ей, ойна да күл,  
Түбіне бұл жалғанның кім жетеді?!  
Әй, гигәй, көкем!



## ЕЙ, ИГАЙ!



Ей, и - гай!



Бақ қай - да той - да о - лең бас - та - ған(дай),



жа - сық - ты ұр - май, соқ - пай



жас - қа - ға(ан) - дай, ах уай.

Бақ қайда тойда өлең бастағандай,  
Жасықты ұрмай-соқпай жасқағандай.  
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді,  
Артына алтын үйіп тастағандай.

Іші – алтын өлеңімнің, сырты – күміс,  
Жақсы атқа бірдей бітер жорға жүріс.  
Өлеңім – жақсылардың жан азығы,  
Табамын екі қолға тағы бір іс.

Айтамын өлеңімді өрнекпенен,  
Жақсыны бір ғанибет көрмек деген.  
Қонар бақ, ер жігітке бітер дәулет  
Ақ адал, елге еткен еңбекпенен.



## ЕЙ, АХАУ!



Қыс ө - тіп көк - тем кел - се



ей, жаз бо - ла - ды,



кей - бі - реу кү - п(і)өт - кен - ге



ей, а - хау, мәз бо - ла - ды ау.

Қыс өтіп, көктем келсе, жаз болады,  
Кейбіреу күні өткенге, ей, ахау, мәз болады-ау.

Жетсе де жасың жүзге бұл өмірде,  
Бәрібір ажал жетсе, ей, ахау, аз болады-ау.


Жерге егін шықпайды өзі, екпесеңіз,  
Келмейді арман өзі, ей, ахау, жетпесеңіз-ау.

Көнбейтін дұрыс іске адам болса,  
Абайлап ақылменен, ей, ахау, ептесеңіз-ау.




## ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН


Орташа екпінмен



Бак қай - д(а)е-кен - ай той - д(а)ө - лен  
Ө - зі өл - се де, ю - ай, жақ - сы - ның




бас - та - ған- дай ай, ұр - май - сок - пай ай  
сө - зі өл мей - ді, ай, ал-тын ү - йіп - ай




жа - ман - ды жас - қа - ған дай - ай.  
ар - ты - на тас - та - ған- дай ай

Қайырмасы:



Әң - г(i)ме-дү - кен, ай, Із - де - ге - нім той,



та - ма - ша жүр - ген же рім, ай.

Бак қайда екен тойда өлең бастағандай,  
Ұрмай-соқпай жаманды жасқағандай.  
Өзі өлсе де, жақсының сөзі өлмейді,  
Алтын үйіп артына тастағандай.

*Әңгіме-дүкен-ай,  
Іздегенім – той,  
Тамаша жүрген жерім-ай!*



Өлеңімді тыңдап көр – не дейді екен,  
Өлең жақтап, жақсыны демейді екен.  
Жалғыз ауыз тойда өлең таппаған жан,  
Бай болса да, болады кедейге тең.

Күн ұялап, кеш болса, шам келеді,  
Жүйрік аттың артынан шаң келеді.  
Айт дегенде өлеңді бәлсінетін,  
Менменсіген кей жаман паң келеді.





## ...ДЕЙ САЛҒАН СӨЗ



Е- к(і)а- уыл-дың е - жел-ден а - ра - сы бір,



ей, өз - а - ра ә - зі - лі - міз жа - ра - сып жүр.



А - пыр - ай, жө-ні қа - лай дей сал - ған сөз - ай.



Кіш-кен - тай - дан бір-г(е)ос - кен ки - мас қал - қа,



әй. Құр-бы - на оқ - та - тек - те қа - ра - сып жүр.



А - пыр - ай, жө-ні қа - лай дей сал - ған сөз - ай.

Екі ауылдың ежелден арасы бір,  
Өзара әзіліміз жарасып жүр.

*Апыр-ай, жөні қалай  
Дей салған сөз-ай.*

Кішкентайдан бірге өскен қимас қалқа,  
Құрбыңа оқта-текте қарасып жүр.

*Апыр-ай, жөні қалай  
Дей салған сөз-ай.*



Жері тақыр жайлаудан ел кетеді,  
Таппаған аттың бабын терлетеді.  
Құрбылас деп өзіңе қолқа салдым,  
Көңілімді аулай салсаң нең кетеді?

*Апыр-ай, жөні қалай  
Дей салған сөз-ай.*





## АЛЛА ЖАР

Орташа екпінде

Ө - лең ба - сы – біс - міл - лә деп ай - та - йық,  
Бә - рі - міз - ді жа - рат - қан жап-пар Құ - дай,  
ай, жа - ра - сым-сыз жа - ман сөз не-г(е)ай-та-йық  
ай, Құ-дай-ды айт- пай алды-мен не-н(і)ай-та-йық  
ал - ла жар. Бо - ла бер - сін ал - ла жар,  
шыр - қа, сәу - лем, ән - ге сал.

Өлең басы – бісміллә деп айтайық-ай,  
Жарымсыз жаман сөз неге айтайық? Алла жар.  
Бәрімізді жаратқан жаппар Құдай-ай,  
Құдайды айтпайды алдымен, нені айтайық?

*Алла жар,  
Бола берсін Алла жар,  
Шырқа, сәулем, әнге сал.*

Тойда өлең айтамыз бісмілләлап-ай,  
Жараспайды отырған босқа қарап. Алла жар.  
Топтан озған өлеңмен тұлпар болсаң-ай,  
Қосылайын тұсыңнан қабырғалап.

*Алла жар,  
Бола берсін Алла жар,  
Шырқа, сәулем, әнге сал.*



## АЛ, БҮЛБҮЛ ӘНІМ

Орташа




Біз - дің жақ - тың жо - лық - саң ер - ке - сі -



не, қа - ра - май - ды то - ны - ның кел - те - сі - не.



Ал, бұл - бұл ә - нім, зау - лат - шы, жа - ным, ай!



Жал - ғыз а - тын қо - нақ - қа кеш - ке со - йып,



жү - ген ұс - тап қа - ла - ды ер - те - сі - не.



Ал, бұл - бұл ә - нім, зау - лат - шы, жа - ным, ай!

Біздің жақтың жолықсаң еркесіне,  
Қарамайды тонының келтесіне.  
Ал, бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй!

Жалғыз атын қонаққа кешке сойып,  
Жүген ұстап қалады ертесіне.  
Ал, бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй!



Ат байладым ақ үйдің кермесіне,  
Жастық қайта мен кепіл келмесіне.  
Ал, бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй!

Емеурін еркімен білдірмесе,  
Көз салмаймын ешкімнің бермесіне.  
Ал, бұлбұл әнім,  
Заулатшы-ай, жаным, әй!





## АҚ КӨЙЛЕК

Ақ көй - лек жыр - тыл - май - ды  
ей, кең бол - ған соң, ай,  
ой - най - ды е - кі жақ - сы, ей,  
ақ көй - лек, кө - ніл жай, ей,  
тең бол - ған соң, ай - дай, ей.

Ақ көйлек жыртылмайды, ей, кең болған соң,  
Ойнайды екі жақсы, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Тең болған соң, айдой-әу.

Бұл жерге келмес едім, ей, келіп тұрмын,  
Бұл жерде көңілге алған, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Сен болған соң, айдой-әу.

Етегін ақ көйлектің, ей, бүрмелеген,  
Ошаққа от жаға алмайды, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Үрмелеген, айдой-әу.



Бір күдік әсте ойымнан кетер емес,  
Өзінді біреу бұзып, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Жүр ме деген, айдой-әу.

Ақ көйлек, қара бешпет, ей, жарасымды,  
Жан қалқа, кей мінезің, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Бала сынды, айдой-әу.



Көзіме сенен сұлу, ей, көрінбейді,  
Үстіне жапсырса да, ей, ақ көйлек, көңіл жай,  
Бар асылды, айдой-әу.





## АЙ-ХАЙ, ЗАМАН-АЙ!

Орташа



Өлеңді неге отырмыз дүрілдетпей, ай-хай, заман-ай!  
Қалайық дүрілдетіп заман өтпей, әй, уәй!  
Барында оралыңның ойна да күл, ай-хай, заман-ай!  
Түбіне заманның түр көзім жетпей, әй, уәй!

Мың салсаң, бір баспайды шабаныңыз, ай-хай, заман-ай!  
Ауырар жаяу жүрсек табанымыз, әй, уәй!  
Барында оралыңның ойна да күл, ай-хай, заман-ай!  
Болады әлдеқандай заманымыз, әй, уәй!



## ЕЙ, ӘЛЛӘЛІМ-АЙ!



Бол - ган - да ей, жаз - ғы - тү - рым



қар ке - те - ді, бақ - па - са,



қа - ра - ма - са мал ке - те - ді, ей,



әл - лә - лім, ай.

Болғанда, ей, жазғытұрым, қар кетеді,  
Бақпаса, қарамаса, мал кетеді,  
Ей, әлләлім-ай!

Өзіңе, ей, тең құрбым деп айттым бір сөз,  
Сөзімді қостай салсаң, нең кетеді?  
Ей, әлләлім-ай!

Өзіңді, ей, құрбылас деп салдым қолқа,  
Көңілімді аулай салсаң, нең кетеді?  
Ей, әлләлім-ай!



## ҚОҢЫРЖАЙ, ГҮЛЖАЙ

Орташа екпінде

Жі - гіт бол, жі - гіт бол - саң, шым жі - бек - тей  
А - қы - лың Ап - ла тон - дай бол - са да - ғы  
ей, ко - ныр - жай, гүл - жай,  
Қат - ты - лық қа - да - ла - ды ті - ке - нек - тей, ай - хай,  
Оң - бай - сың өз хал - қы - на қыз - мет ет - пей

Жігіт бол, жігіт болсаң, шым шібектей,  
Ей, қоңыржай, гүлжай!  
Қаттылық қадалады тікенектей,  
Ай-хай!

Ақылың Аплатондай болса-дағы,  
Ей, қоңыржай, гүлжай!  
Оңбайсың өз халқыңа қызмет етпей,  
Ай-хай!

Парапар жақсы атақпен жігіт деген,  
Ей, қоңыржай, гүлжай!  
Жігітке ел қарайды үмітпенен,  
Ай-хай!

Жігітті ел мақтаған қыз жақтайды,  
Ей, қоңыржай, гүлжай!  
Жігіттен қыз сүймеген күдікпенем,  
Ай-хай!



## КӨКЕЖАН, ИҒАЙ

Кет - кен - де а - уы - лың а - лыс, ей,  
жы - лай жаз - дым, а - тым - нан жы - лай - жы - лай  
кө - ке - жан и - гай, кү - лай жаз - дым, ай.

Кеткенде ауылың алыс, ей, жылай жаздым,  
Атымнан жылай-жылай, көкежан, иғай,  
Құлай жаздым-ай.

Жұртыңда өзің кеткен, ей, иісің қалып,  
Қолыма кетпен алып, көкежан, иғай,  
Бір ай қаздым-ай.

Базардан, базар барып, ей, қазан алдым,  
Болар деп үстім күйе, көкежан, иғай,  
Тазаны алдым.

Кеткенде ауылың алыс, ей, қимас қалқа,  
Атыма теріс мініп, көкежан, иғай,  
Назаландым.




## ҚИЫЛЫП ҚАСЫҢ


Орташа екпінде




Ақ тас тұр шың ба - сын - да  
Ой - на - сақ, кел е - кеу - міз



ар - ба - дай боп, күн шы - ғар ар - ба тас - қа  
жа - ра - са - д(ы)ай, қоз - ға - ған са - ры май - ға




қар - ға - дай боп. Ой - пыр - май, осы - лай ма ай,  
жар - ма - дай боп.




Жа - са - ған, жан - ға жа - ның а - шы - май ма - ай?

Қайырмасы:



Қи - ы - лып қа - сың, то - гі - лін ша - шың, ба - сың - нан



бақ - дәу - ле - тың а - рыл - ма - сың.

Ақ тас тұр шың басында арбадай боп,  
Күн шығар арба тасқа қарғадай боп.  
Ойпырмай, осылай ма-ай,  
Жасаған, жанға жаның ашымай ма-ай?

Ойнасақ, кел, екеуміз, жарасады-ай,  
Қозғаған сары майға жармадай боп.



Ойпырмай, осылай ма-ай,  
Жасаған, жанға жаның ашымай ма-ай?

**Қайырмасы:**

*Қиылып қасың,  
Төгіліп шашың,  
Басыңнан бақ-дәулетің арылмасын.*

Әу десем, аузымнан жыр төгіледі,  
Шын жүйрік шапқан сайын көрінеді.  
Өзімді өзің сына өз көзіңмен,  
Сыртымнан тон пішкендер не біледі?

**Қайырмасы.**



## МАЗМҰНЫ

<i>Абдолла ДАСТАНОВ. Ұстаздық сапардың сәттілігі</i> .....	3
<b>І БӨЛІМ. Аңсаған ақ арманым</b> .....	7
Сәтбаев – береке бастауы.....	8
Анама.....	9
Бауырларды аңсау .....	10
Туған жер – алтын бесігім .....	12
Сағыныш.....	14
Ауылым.....	15
Арғанатым – жер жаннатым .....	17
Алғабасым .....	19
Сары құмдар .....	21
Ақ жеңгем.....	23
Қарындасыма.....	24
Сарысу вальсі .....	25
Ұстаздар әні.....	27
Мектеп әні .....	29
Балабақша әні.....	30
Сен қарасаң... ..	31
Айта алмадым сырымды .....	33
Күзгі бақта да көктем бар .....	34
Көңіл құсы .....	35
Айтылмаған сыр .....	37
Аңсаған ақ арманым.....	38
Сені алғаш көргенде .....	39
Сені аңсаймын.....	40
Саған .....	41
Шаттық жыры.....	42
Бал бөбегім .....	44
Ел қорғайтын ер болам! .....	45
Тойға тілек .....	47
Жалғыз аққу мұнаяды жағада.....	48
Тереземді қағындаршы, тамшылар .....	50

<b>II БӨЛІМ. Суреттер сөйлейді</b> .....	51
--	----

<b>III БӨЛІМ. Қоңыржай</b> .....	67
Қарлығашым.....	69
Ала қарға .....	70
Қайран заман .....	72
Әй, гигәй, көкем!.....	74
...Дей салған сөз .....	79
Алла жар .....	81
Ал, бұлбұл әнім .....	82
Ақ көйлек.....	84
Ай-хай, заман-ай! .....	86
Ей, әлләлім-ай! .....	87
Қоңыржай, гүлжай .....	88
Көкежан, иғай.....	89
Қиылып қасың.....	90

**Құрманғали ТӘШЕТОВ**

**КӨҢІЛ ҚҰСЫ**

**Ән жинағы**

***Жауапты редакторы – Абдолла Дастанов***

Редакторы Жұлдыз Аманғалиқызы  
Техникалық редакторы Жарасқан Нұриден  
Көркемдеуші редакторы Вячеслав Козлов  
Корректоры Маржан Абсалықова  
Компьютерде беттеген Ақжарқын Әлтенқызы

Басуға 10.11.19 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Қағазы офсеттік.  
Цифрлық басылыс. Шартты баспа табағы 6,0.  
Тапсырыс №44. Таралымы 200 дана.

«Кәусар» баспасы.  
010000. Нұр-Сұлтан қаласы.  
Мәскеу көшесі, 40. 220-офис.  
Тел.: 8 776 198 63 51, 8 777 323 25 47, 8 777 116 58 96